

С. А. Есболов, «Болашақ» Қарағанды университетінің магистранты
Ғылыми жетекшісі: Т. З. Аймағанбетов, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясындағы заң институты бастығының орынбасары әрі
күндізгі оқыту факультетінің бастығы, заң ғылымдарының кандидаты,
доцент

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРДЫ ТЕРГЕУ БАРЫСЫНДА СОТТЫҚ-БУХГАЛТЕРЛІК БІЛІМДЕРДІ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Экономика саласындағы қылмыстардың өктем ерекшеліктерінің бірі болып оларды айқындау барысында пайда болатын диагностикалық мақсаттарды арнайы құралдар арқылы шешуі саналады. Атап айтқанда, бұл жерде арнайы құралдар деп криминалистика ғылым саласына бейімделген, тәсілдер жүйесі саналатын экономикалық ғылымдар әдістерін түсінген жөн. Бірақта, құқық қорғау органдарының қызметкерлері аталған тәсілдерді кейбір объективті себептерге сай толығымен қолдана алмайды (мысалы, экономикалық білім болмағандықтан).

Екінші жағынан, құқық қорғау органдар қызметкерлерінің қызметтерін тергеу және басқа процессуалдық әрекеттермен шектейтін белгілі нормативтік-құқықтық талаптар бар екенін атап өткен жөн. Бұл жағдайда, егерде арнайы білімдер талап ететін белгілі зерттеу жүргізуде қажеттілік туындаса, хабардар тұлғанын қатысуы ескеріледі.

Айтарлықтай, қылмыстық іс жүргізу ғылымында арнайы білімдерді қолдану нысандардың жіктелуі туралы жалпы және дәл пікір жоқ. И. Л. Петрухиннің пікірі бойынша оларға сараптаманы, ревизияны және маманның қатысуын жатқызуға болады¹. Осы пікірді бухгалтерлік білімдерді қылмыстарды айқындау мен алдын алу туралы атап өткен П. Пошюнаста қолдайды².

Бірақта, біздің ойымызша, жіктелудің дәл және толық түрін Ю. Д. Федоров берген. Оның пікірі бойынша арнайы білімдер қолдану нысандарына сараптама тағайындауды, мамандардың кеңестерін, мамандарды тергеу әрекеттеріне қатыстыруды, мамандар қатысуымен тексерістер мен техникалық зерттеулерді өткізуді, және де анықтаушы, тергеуші, прокурор мен соттың ғылым, техника, өнер салаларындағы білімдерін қолдануды жатқызуға болады¹.

Осыған байланысты соттық-бухгалтерлік білімдерді қолданудың келесі нысандарын атаған жөн болады:

- құжаттық ревизия;
- экономика-криминалистикалық талдауды өткізу үшін маманды шақыру;
- кеңес беру.

Заң әдебиетінде құжаттық ревизия тағайындау мен өткізу сұрақтары кеңінен қолданылған. Мысалы, Л. А. Сергеев⁴, В. Г. Танасевич⁵, С. П. Голубятников⁶, П. Пошюнас⁷, С. С. Остроумов⁸, С. П. Фортинский және т. б. жұмыстары белгілі. Бұл мәселеге әртүрлі ғылыми еңбектерінің жинақтары да арналған болатын.

Тексеріс дегеніміз — бухгалтерлік құжаттар мен бухгалтерлік жазбаларды негіздей отырып шаруашылық және қаржылық қызметті тексеру⁹.

Болған қылмыстың нақты жағдайларын анықтау үшін тексерістің мүмкіншіліктерін қолдану бақылаудың қорғаныс функциялар жүйесіне негізделінеді¹⁰.

Тексеріс шешетін диагностикалық мақсаттарға келесілерді жатқызуға болады:

- зерттеудегі шаруашылық операцияларды бейнелейтін құжаттық және есептік мәліметтерді зерделеу;
- қылмыс жасау нәтижесінде болатын экономикалық (бухгалтерлік) ақпараттағы өзгерістерді куәландыратын белгілерді анықтау;
- белгілер бойынша орны болған өзгерістердің мағынасын анықтау;
- айқындалған белгілер мен орны болған өзгерістер мінездерінің арасындағы себепті байланысты анықтау.

Соттық-бухгалтерлік білімдерді қолдану нысанының басқа түрі — кеңес беру — құжаттық тексеріспен тығыз байланысты.

Жалпыға танылған пікір бойынша бухгалтер-маманның кеңес беруі бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың кейбір жалпы сұрақтарын түсіну үшін қажет, атап айтқанда: құжат айналымының ұйымдастырылуы, зерттеліп отырған кәсіпорындағы шаруашылық операцияларды рәсімдеу ерекшеліктері. Сонымен қатар кеңесшілердің көмегі құжаттық ревизия мен түгендеу актілерін талқылау үшін қолданылады.

Экономика-криминалистикалық талдау туралы теоретикалық жұмыстармен қатар сол жылдары ішкі істер органдарында талдау мәселелерімен айналысатын бөлімшелер де пайда болды. Қазіргі кезде экономика-криминалистикалық талдауды, оның тәсілдерін қолдана білетін тексерушілер немесе басқа да мамандар өткізеді. Бірақ та, аталған жедел экономикалық талдау бөлімшелерін қайта құруда қажеттілік туындап отыр немесе талдау өндірісін құқық қорғау органдар құрамындағы тексерушілік бөлімшелердің тексерушілеріне тапсырған жөн болады.

Қарастырылған мәселелерді қорытындылай отырып, соттық-бухгалтерлік білімдер әрқашанда белгіленген рет бойынша және экономикалық ақпаратты қолданумен байланысты емес қылмыс айқындаудың басқа әдістерімен бірге қолданылатынын айта кеткен жөн болады.

¹ *Петрухин И. Л.* Экспертиза как средство доказывания в советском уголовном процессе. — М., 1964. . 50-70-66.

² *Пошюнас П.* Применение бухгалтерских познаний при расследовании и предупреждений преступлений. — Вильнюс, 1977. — 163-б.

³ *Федоров Ю. Д.* Специальные познания и формы их использования при расследовании преступлений // Использование специальных познаний при расследовании преступлений: Труды Ташкентской ВШ МВД СССР.— Ташкент, 1976. Вып. 9. — 21-б.

⁴ *Сергеев Л. А.* Ревизия при расследовании преступлений. — М., 1969. — 71-б.

⁵ *Танасевич В. Г.* Ревизия и бухгалтерская экспертиза. — М., 1985. — 121-б.

⁶ Судебная бухгалтерия / Под ред. С. П. Голубятникова. — М., 1998. — 96-б.

⁷ *Пошюнас П.* Указ. раб. — 37-б.

⁸ *Смирнов В. Д., Танасевич В. Г.* Основы бухгалтерского учета и судебно-бухгалтерской экспертизы. — Л., 1964. — 187-б.

⁹ *Атанесян Г. А., Голубятников С. П.* Судебная бухгалтерия: Учебн. — М., 1989. 69-б.

¹⁰ *Деревягин Ю. Т., Гаритовская Э. В., Толеубекова Б. Х.* Участие специалиста-бухгалтера в проведении следственных и непроцессуальных действий по делам о хищениях социалистического имущества. — М., 1989. — 24-б.